

Павлодар облысының аумағындағы елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атаулар беру және қайта атау тәртібін, жер учаскелеріне, ғимараттар мен имараттарға реттік нөмірлер беруге қойылатын талаптарды жүргізу жөніндегі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімиятының 2007 жылғы 29 маусымдағы N 179/7 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2007 жылғы 18 шілдеде N 3091 тіркелді Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы N 379/12 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 30.12.2014 N 379/12 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 21-3)-тармақшасына, Қазақстан Республикасы үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы "Қазақстан Республикасының ұйымдарын, теміржол станцияларын, әуежайларын, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілеріне атау беру және қайта атау, олардың атауларын транскрипцияларын өзгерту тәртібін бекіту туралы" N 281 қаулысына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Павлодар облысының аумағындағы елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атаулар беру және қайта атау тәртібін, жер учаскелеріне, ғимараттар мен имараттарға реттік нөмірлер беруге қойылатын талаптарды жүргізу жөніндегі ереже" бекітілсін.

2. Осы қаулы ресми жарияланымнан он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары А.Ф. Вербнякқа жүктелсін.

Облыс әкімі	Қ. Нұрпейісов
	Павлодар облысы әкімдігінің 2007 жылғы 29 маусымдағы "Павлодар облысының аумағындағы елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атаулар беру және қайта атау тәртібін, жер учаскелеріне, ғимараттар мен имараттарға реттік нөмірлер беруге қойылатын талаптарды жүргізу жөніндегі

Павлодар облысының аумағындағы елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атаулар беру және қайта атау тәртібін, жер учаскелеріне, ғимараттар мен имараттарға реттік нөмірлер беруге қойылатын талаптарды жүргізу жөніндегі Ереже

1. Негізгі ережелер

Павлодар облысының аумағындағы елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атаулар беру және қайта атау тәртібін, жер учаскелеріне, ғимараттар мен имараттарға реттік нөмірлер беруге қойылатын талаптарды жүргізу жөніндегі осы Ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", 2001 жылғы 16 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы", 1997 жылғы 11 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Заңдарының талаптарына сәйкес әзірленді.

Ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:

мекенжай - жергілікті жердегі жылжымайтын мүлік объектісі (жер учаскесі, ғимарат, имарат) тұрған жерінің белгіленген нысан бойынша құрылымдық сипаттамасы, осы объектіні оған белгіленген кадастрлық нөмірге сәйкес анықтайтын ормандар мен көп жылдық көшеттерді, сондай-ақ желілік имараттарды, құбыр өткізгіштерді, темір жолдарды, электр қуатын таратушы желілерді есептемегенде;

аллея - еңбек ету орындарымен, қызмет көрсету мекемелерімен және кәсіпорындарымен, (сондай-ақ қоғамдық орталықтар шегінде) демалу орындарымен және қоғамдық көліктің аялдама орындарымен жүргіншілер байланысын қамтамасыз ететін негізгі немесе екінші дәрежедегі жүргіншілер көшесі немесе жолы;

желекжол - қарсы көлік ағындары ормансаябақ көшеттерімен, жүргіншілер жолдарымен бөлінген жергілікті маңызды көше немесе жол;

кірістірілген объектілер - ғимараттың (имараттың) қасбетін қайта құрусыз және жеке кіруді ұйымдастырусыз, сонымен бірге қайта құрылған құрастыру ғимарат (имарат) қасбетінің өзгертілген бөлігінің функционалдық қызметі өзгере алатын ғимараттар мен имараттарда ұйымдастырылған объектілер;

ғимарат - міндетті тұйық жерүсті көлемін құрайтын көтеруші және қоршаушы құрылымдардан тұратын, функционалдық қызметіне байланысты адамдардың өмір сүруі немесе тұруына, өндірістік үрдістерді орындауға,

материалдық құндылықтарды орналастыруға және сақтауға және басқа мақсаттарға қолданылатын жасанды құрылыс, ғимараттың жерасты бөлігі болуы мүмкін;

инвестор - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпорынның (өнімнің) имидждік жарнамасын бір уақытта орналастырумен жеке меншік немесе басқа жақтан тартылған қаражат есебінен көше атауларының (басқа да қала құрылысы элементтерінің) көрсеткіштерін және ғимараттардың (имараттардың) реттік нөмірлерін дайындауға және құруға ниет білдірген тұлға;

қала құрылысы элементінің санаты - объектінің (шағын аудан, ғимарат, имарат, көпір, көлік айырымы (сақина), фонтан, шоссе, трасса, даңғыл, көше, желекжол, аллея, өту, қалтарыс, тұйық және басқалары) функционалдық қала құрылысы қызметі мен ерекшеліктерін сипаттайтын қала құрылысы элементі атауының ажырамас бөлігі;

квартал - магистральды көшелермен, қалтарыстармен бөлінбеген құрылыстың құрылымдық элементі;

ландшафттық-рекреациялық аумақ - құрылыс жүргізілетін аумақта саябақтармен, бақтармен және желекжолдармен бірге орналасқан, ашық кеңістіктер жүйесін қалыптастыратын қалалық ормандардан, орман-саябақтардан, орман қорғау аймақтарынан, су қоймаларынан, ауылшаруашылық мақсаттағы жерлерден және басқа қоныстардан тұратын аумақ;

қозғалысы реттелген магистральды жолдар - жеке бағыттағы және учаскелердегі қала аудандары арасындағы көлік байланысын, тұрғын құрылыстан тыс болатын жүк қозғалысын басымдылықпен қамтамасыз етуге арналған жолдар; сыртқы автомобиль жолдарына шығуды қамтамасыз етеді, әдетте, бір деңгейде көшелермен және жолдармен қиылысады;

қозғалысы жылдам магистральды жолдар - өндірістік және жоспарлау аудандар арасындағы жылдамдық көлік байланысын қамтамасыз етуге арналған, сыртқы автомобиль жолдарына, әуежайларға, жаппай демалудың ірі аймақтарына және қоныстарына шығуды қамтамасыз ететін жолдар, әр түрлі деңгейлерде магистральды көшелермен және жолдармен қиылысады;

жалпықалалық маңызы бар магистральды көшелер:

қозғалысы үзіліссіз - қаланың тұрғын, өндірістік аудандарымен және орталығымен, сондай-ақ басқа да магистральды көшелермен, қалалық және сыртқы автокөлік жолдарымен көліктік байланысты қамтамасыз етуге арналған көшелер, әр түрлі деңгейлерде негізгі бағыттар бойынша көлік қозғалысын қамтамасыз етеді;

қозғалысы реттелетін - қаланың тұрғын, өндірістік аудандарымен және орталығымен, жоспарлау аудандарының орталықтарымен көліктік байланысты қамтамасыз етуге арналған көшелер; магистральды көшелер мен жолдарға және

сыртқы автомобиль жолдарына шығу, әдетте, бір деңгейде магистральды көшелермен және жолдармен қиылысады;

аудандық маңызы бар магистральды көшелер - қаладағы тұрғын аудандар арасында, сондай-ақ тұрғын, қаланың өндірістік аудандары мен орталығы арасында көліктік және жүргіншілер байланысын негізінен қамтамасыз етуге арналған көшелер; басқа магистральды көшелерге, сондай-ақ жоспарлау ауданы шегінде жүргіншілер және көлік байланысын (қоғамдық жолдар көлігі) қамтамасыз ету;

шағын аудан - магистральды көшелермен бөлінбеген, белгіленген шекараларда не құрылыс жүргізілетін, не өндірістік, не ландшафттық-рекреациялық аумақ болып табылатын құрылыс жүргізудің қала құрайтын құрылымдық-жоспарлау элементі;

атаулар - Павлодар облысының аудандарына, шағын аудандарына, даңғылдарына, желекжолдарына, күшелеріне, алаударына және басқа да құрылымдық элементтеріне тағайындалатын, оларды бөлуге және тануға қызмет ететін жалқы атаулар;

ономастикалық комиссия - географиялық объектілер атауларына біртұтас көзқарасты қалыптастыру, атаулар қолданысын және есепке алынуын тәртіптеу, Қазақстан Республикасы тарихи-мәдени мұрасының құрамды бөлігі ретіндегі тарихи атауларды жаңғырту және сақтау мақсатында ономастика саласында мемлекеттік тіл саясатын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін Павлодар облысы әкімдігімен құрылатын консультативтік-кеңесші орган;

сәулет және қала құрылысы органы - сәулет және қала құрылысы саласында реттеуді іске асыратын Павлодар облысы әкімдігімен уәкілетті, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган;

тілдер жөніндегі орган - тілдерді дамыту саласында реттеуді іске асыратын Павлодар облысы әкімдігімен уәкілетті, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган;

саябақ - жалпы қолданылатын, Павлодар облысы аумағының тұйық шекаралармен белгіленген, оқшау, көгалдандырылған, қаланың құрылыс жүргізілетін аумағында ұйымдастырылған, ауданы кем дегенде 10 гектар болатын және тұрғындардың жаппай демалуына арналған аумақ;

қалтарыс, өту - тұрғын және қоғамдық ғимараттарға, мекемелерге, кәсіпорындарға және басқа да аудандар, шағын аудандар, кварталдар ішіндегі қалалық құрылыс жүргізудің объектілеріне көлік құралдарының кіруін қамтамасыз ететін, екі көше арасында көлік байланысын қамтамасыз ететін (2 "Т" -бейнелі жолқиылысты жасайды) негізгі және екінші дәрежедегі өту;

алаң - тұйық шекаралары бар аты аталған қала құрылысы элементі;

объектінің реттік нөмірі - объектінің мекенжайы құрылымының элементі:

әріпті атауы бар және (немесе) бөлшекті қосу мүмкіндігімен сандар тізбегінен тұратын, құрылыс жүргізудің сол немесе басқа құрылымдық элементке оның аумағының қала құрылысы объектісіне (көшеге, шағын аудандарға және басқа объектілерге) қатысының белгісі негізінде объектіге тағайындалатын объектінің қарапайым нөмірі;

кірістірілген объектілер - үйдің ғимаратына, имаратына қосымша кірістіру жолымен ғимараттар мен имараттарда ұйымдастырылған, сонымен бірге, әдетте, дербес функционалдық қызмет атқаратын объектілер;

егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы - функционалдық-қала құрылысы аймақтауды анықтаумен аумақтық жоспарлау ұйымдастыруының негізгі бағыттары белгіленген, Павлодар облысы бас жоспарының негізінде жасалған, аумақта құрылыс жүргізудің жоспарлау жобасы; құрылыс жүргізудің қызыл желілері және реттеу желілері; тұрғындарға әлеуметтік, мәдени және коммуналдық қызмет құрсетудің объектілерін орналастыруға; көше-жол желісін және көлік қызмет көрсетуге, инженерлік коммуникациялар өткізуге; көшелердің профильдеріне аумақты резервтеу; аумақты көркейту және көгалдандыру; қала құрылысы сервитуттері және басқа да талаптар;

өндірістік аумақ - өндірістік кәсіпорындарды және олармен байланысты объектілерді орналастыруға арналған аумақ, тәжірибелі өндірістер, сыртқы көліктің коммуналдық-қоймалық объектілері, имараттары бар ғылыми мекемелер көшені;

даңғыл - жалпы қалалық маңызды магистральды жол немесе магистральды көше;

аудан - Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы заңнамасына сәйкес анықталған Павлодар облысы құрамындағы әкімшілік-аумақтық бірлік;

тұрғын ауданның бағы - саябақ - Павлодар облысының құрылыс жүргізілетін аумағында ұйымдастырылған және ауданы үштен он гектарға дейін тұрғындардың демалуына арналған, тұйық шекаралармен белгіленген, көгалдандырылған, жалпы қолданылатын қалалық аумақ;

санитарлық-қорғау аймағы - арнайы мақсаттағы аймақтарды, сондай-ақ елді мекендегі өндірістік кәсіпорындарды және басқа өндірістік, коммуналдық және қоймалық объектілерді жақын жатқан тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы құрылыс жүргізілетін аумақтардан, ғимараттар мен имараттардан оларға жағымсыз факторлардың әсерін әлсірету мақсатында бөлінетін аумақ;

құрылыс жүргізілетін аумақ - тұрғын, қоғамдық (қоғамдық-әскери) және рекреациялық аймақтарды, сондай-ақ инженерлік және көлік инфрақұрылымдарының, басқа объектілердің жеке бөліктерін орналастыру және қызметі арнайы санитарлық-қорғау аймағын жасауды талап етпейтін

объектілерді орналастыруға арналған елді мекен аумағының бөлігі;

шағын гүлбақ - тұйық шекаралармен белгіленген, көгалдандырылған, жалпы қолданылатын, қаланың құрылыс жүргізілетін аумағында ұйымдастырылған және ауданы үш гектардан аспайтын тұрғындардың демалуына арналған аумақ;

имарат - табиғи немесе жасанды кеңістік шекаралары бар (жердегі, су үстіндегі және (немесе) жер астындағы, су астындағы) және өндірістік үрдістерді орындауға, адамдардың уақытша болуына (орын ауыстыруына), материалдық құндылықтар мен жүктерді орналастыруға және сақтауға, сондай-ақ құрал-жабдықтарды немесе коммуникацияларды орналастыруға (салуға, өткізуге) арналған жасанды жасалған көлемді, жалпақ немесе желілік объект, имараттық көркемдік-эстетикалық, сәндік-қолданбалы немесе мемориалдық қызметі болуы мүмкін;

трасса, шоссе - қалааралық көлік байланысын қамтамасыз ететін магистральды жол немесе магистральды көше;

тұйық - көлік құралдарының тұрғын және қоғамдық ғимараттарға, мекемелерге, кәсіпорындарға және көшелер арасында көлік байланысын құрмайтын (бір "т"-бейнелі жолқыбылыс жасайды) аудандар, шағын аудандар, кварталдар ішіндегі қалалық құрылыс жүргізудің басқа да объектілеріне өтуді қамтамасыз ететін негізгі және екінші дәрежелі өту;

көше - аудандық маңызды магистральды көше, жергілікті маңызды көше немесе жол;

жергілікті маңызы бар көшелер мен жолдар:

саябақ жолдары - саябақтар мен ормансаябақтар аумағының шегінде, жеңіл көлік қозғалысы үшін, көлік байланысын қамтамасыз етеді;

жүргіншілер көшелері мен жолдары - еңбек орындарымен, қызмет көрсету мекемелерімен және кәсіпорындарымен, демалу орындарымен және қоғамдық көліктің аялдама орындарымен жүргіншілер байланысын қамтамасыз етеді;

өтулер - тұрғын және қоғамдық ғимараттарға, мекемелерге, кәсіпорындарға және аудандар, шағын аудандар, кварталдар ішіндегі құрылыс жүргізудің басқа да объектілеріне көлік құралдарының өтуін қамтамасыз етеді;

тұрғын құрылыс жүргізілетін орындағы көшелер - тұрғын аудандар (шағын аудандар) аумағында көлік (жүк және қоғамдық көлік өткізусіз) және жүргіншілер байланысын, реттегіш қозғалыстың магистральды көшелері мен жолдарына шығуды қамтамасыз етеді;

ғылыми-өндірістік, өнеркәсіптік және коммуналдық-қоймалық аймақтардағы (аудандардағы) көшелер мен жолдар - аймақтар шегінде жеңіл және жүк көлігінің көліктік байланысын, магистральды жолдарға шығуды қамтамасыз етеді. Көшелермен және жолдармен қиылыстар бір деңгейде жасалады;

көрсеткіш - түсіндіретін жазбалары, сандары бар сурет түріндегі азаматтарды

белгілі бір көшенің, ғимараттың немесе имараттың тұрған жері, орналасқан жері туралы ақпаратпен қамтамасыз етуге арналған жарық шығаратын, жарық шағылдандыратын үйлесімді объектілерді, материалдарды қолданумен жасалған белгіленген геометриялық формадағы түсті графикалық кескін;

қаланың бөлігі (қала құрылысы элементі) - қаладағы аудан, алаң, даңғыл, желекжол, көше, қалтарыс, саябақ, тұрғын ауданның бағы, шағын гүлбақ, көпір және басқа да қаланың құрамдас бөліктері. Осы Ережедегі қаланың бөліктері дегеніміз әлеуметтік маңызы бар (денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және басқа) объектілер.

2. Көрсеткіштерді орнату және пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу

Павлодар облысының қалаларындағы аудандарға, елді мекендеріндегі көшелерге, даңғылдарға және басқа да құрамдас бөліктеріне атаулар беру, олардың атауларының транскрипциясын өзгерту, жер учаскелеріне, ғимараттар мен имараттарға реттік нөмірлер беру, көрсеткіштерді орнату және пайдалану саласындағы реттеуді мынадай мемлекеттік органдар жүзеге асырады:

сәулет және қала құрылысы органы;

тілдер жөніндегі орган;

Сәулет және қала құрылысы органында мынадай өкілеттіктер бар:

реттік нөмірлері жоқ ғимараттар, имараттар және басқа да объектілерді анықтайды, оларға реттік нөмірлер береді;

атаулары жоқ көшелер тізбесін; атаулары бірдей көшелер тізбесін; оларда орналасқан жылжымайтын объектілерді бұзумен байланысты өзінің өмір сүруін тоқтатқан көшелер тізбесін құрастырады және оларды қайта атау немесе атаулар беру бойынша ұсыныстармен шығады;

атауға, қайта атауға жататын қала құрылысы объектілерімен қоса, атау беруде қолданылатын жолдар мен көшелер санаттарын белгілейді;

жобаланып отырған ғимараттар мен имараттардың қасбеттерінде ғимараттар мен имараттар реттік нөмірлерінің көрсеткіштерін, көшелер мен шағын аудандар атауларының көрсеткіштерін, көшелер атауларының бұрыш көрсеткіштерін жобалау көшелері қиылыстарында болуын және оларды орналастыруды бақылайды;

Павлодар облысы елді мекендерінің шағын аудандары мен көшелері атаулары көрсеткіштерінің, ғимараттар мен имараттар реттік нөмірлері көрсеткіштерінің, көшелер, даңғылдар және өзге де құрамдас бөліктер атауларының бұрыштық көрсеткіштерінің үлгілік нобайларын келіседі;

тапсырысшымен әзірленетін жобалау құжаттамасына кіретін көшелер мен

шағын аудандар атаулары көрсеткіштерінің, ғимараттар мен имараттар реттік нөмірлерінің, басқа да көрсеткіштердің нобайларын келіседі;

жылжымайтын мүлікпен байланысты тіркеуді жүзеге асыратын органға қала бөліктерінің атауларын беру және (немесе) өзгерту, жеке объектілердің реттік нөмірлері туралы ақпаратты ұсынады;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Павлодар облысы елді мекендерінің құрамдас бөліктері атауларының көрсеткіштерін және объектілер реттік нөмірлерін дайындау және орнату құқығын беру бойынша конкурс өткізеді.

Тілдер жөніндегі органда мынадай өкілеттіктер болады:

1) шағын аудандардың, даңғылдардың, желекжолдардың, көшелердің белгіленген атаулары көрінісінің дұрыстығын және олардың нормаларға сәйкестігін, сондай-ақ көрсеткіштердегі белгіленген атаулардың транскрипциясы көрінісінің дұрыстығын бақылайды;

2) жазылған ақпараттың белгіленген атауларға және олардың транскрипциясының дұрыстығына сәйкестендіру үшін тапсырысшы әзірлейтін жобалау құжаттамасы құрамына кіретін көшелер мен шағын аудандар атаулары көрсеткіштерінің, ғимараттар мен имараттар реттік нөмірлері көрсеткіштерінің, басқа да көрсеткіштердің нобайларын келіседі.

3. Павлодар облысы елді мекендерінің аудандарына, шағын аудандарына, көшелеріне, даңғылдарына және басқа да құрамдас бөліктеріне атаулар беру (қайта атау), олардың атаулары транскрипциясын өзгерту тіртібі

4. Павлодар облысы елді мекендерінің құрамдас бөліктеріне атаулар оларды кеңістікте бөлуді және тануды қамтамасыз ету үшін беріледі.

5. Павлодар облысы елді мекендерінің құрамдас бөліктеріне атаулар беру мынадай кезеңдер бойынша жүргізіледі:

1) сәулет және қала құрылысы органы тілдер жөніндегі органға элементтің кеңістікте орналасқан нобайымен және оның шекаралары белгіленген атаулар берілмеген немесе атаулары ұқсас, қала бөліктерінің тізбесін жібереді. Сәулет және қала құрылысы органы көрсетілген тізбемен бірге оларда орналасқан жылжымайтын объектілерді (олар бар болса) бұзумен байланысты өзінің өмір сүруін тоқтатқан көшелердің тізбесін ұсынады;

2) тілдер жөніндегі орган қала құрылысы объектісіне атау беру немесе қайта атау мәселесі жөнінде өтініш келіп түскен сәтінен 15 күн ішінде Павлодар облысы елді мекендерінің құрамдас бөліктеріне атаулар беру (қайта атау) мәселелерін талқылау үшін ономастикалық комиссия отырысын (отырыстарын)

ұйымдастырады;

3) ономастикалық комиссия тілдер жөніндегі орган материалдарды ұсынғаннан кейін 30 күн ішінде облыс әкімдігіне қала құрылысы объектілеріне атау беруді (қайта атау) ұсыну туралы шешім қабылдайды;

4) облыс әкімдігі ономастикалық комиссияның қала құрылысы объектілеріне атауларды тағайындау бойынша ұсынысымен келіседі және облыстық мәслихат қарауына қала бөліктері атауларын бекіту туралы ұсынымды шығарады, не ұсынылған ұсыныммен келіспейді және материалдарды (бүтін немесе бөліктермен) тілдер жөніндегі органға қайтарады;

5) Павлодар облысының мәслихаты Павлодар облысы елді мекендерінің жеке көшелеріне, даңғылдарына және басқа құрамдас бөліктеріне атаулар беру туралы облыс әкімдігінің ұсынысымен келіседі және Павлодар облысы елді мекендері көшелерінің, даңғылдарының және басқа да құрамдас бөліктерінің атауларын бекітеді не облыс әкімдігінің ұсынысымен келіспейді және материалдарды облыс әкімдігіне (бүтін немесе бөліктермен) қайтарады;

6) Павлодар облысы елді мекендерінің жеке көшелеріне, даңғылдарына және басқа бөліктеріне атаулар беру (қайта атау) туралы облыс әкімдігі мен облыстық мәслихаттың бірлескен шешімдері қала құрылысы элементінің кеңістікте орналасу және оның шекараларын дәл белгілеу нобайын міндетті қосумен мүдделі мемлекеттік органдарға және басқа да ұйымдарға жіберіледі.

6. Облыс әкімдігі мен облыстық мәслихаттың білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау мекемелеріне және басқа ұйымдарға атаулар беру туралы бірлескен шешімдері атау беру туралы қолдаухатпен бірге Қазақстан Республикасы үкіметі жанындағы мемлекеттік ономастикалық комиссияға жіберіледі.

7. Павлодар облысы елді мекендерінің бір құрамдас бөлігіне бірнеше атаулар беруге жол берілмейді. Даңғылдар (көшелер, қалтарыстар, өтулер) орнынан отыз градустан аса бұрылған жағдайда ерекшелік болып табылады; осындай жағдайларда Павлодар облысы елді мекендерінің құрамдас бөлігі бұрылысының орнынан өзгеше атау беруге болады.

Бір санатты бірнеше қала құрылысы объектілеріне бір атау беруге болады.

8. Қала құрылысы элементі (даңғыл, көше) табиғи бөгеттермен (өзендермен, аңғарлармен және басқалармен) қиылысқан жағдайда пайда болған учаскелерге жеке атау беруге болады.

9. Павлодар облысының аумағын кезең-кезеңмен игеру жағдайында қала құрылысы элементін оқшау, логикалық байланысты, осы қала құрылысы объектісінің уақытта құру мен құрылыс жүргізудің нақты кезеңдеріне сәйкес жеке бөліктерге бөлуге болады.

4. Павлодар облысы жер учаскелеріне, ғимараттары мен имараттарына реттік нөмірлер беру, көрсеткіштерді орнату және пайдалану

10. Жер учаскелеріне, ғимараттары мен имараттарына реттік нөмірлер беру, көрсеткіштерді орнату және пайдалану Павлодар облысы аумағында шағын аудандардың, көшелердің, ғимараттардың, құрылымдардың және басқа да объектілердің орналасқан жерін (тұрған жерін) анықтаудың біртұтас жүйесін қалыптастыруға арналған.

11. Облыс аумағында орналасқан әрбір жер учаскесінде, ғимарат пен имаратта өзінің бірегей мекенжайы болуы керек.

12. Осы Ережеге сәйкес реттік нөмірлер берілетін жылжымайтын мүлік объектілері:

- 1) жер учаскелері (игерілмеген және құрылыс жүргізілген);
- 2) ғимараттар;
- 3) имараттар болып табылады.

13. Үйлердің, ғимараттар мен имараттардың қасбеттерінде, даңғылдардың, көшелердің, қалтарыстардың қиылыстарында, аудандардың периметрі бойынша мынадай көрсеткіш түрлері орналасады:

- 1) көше атауының көрсеткіші (1, 2, 3 санаттағы);
- 2) шағын ауданның көрсеткіші (1, 2 санаттағы);
- 3) көшелер қиылыстарында (жолқиылыстарында) орнатылатын көше атауының бұрыштық көрсеткіші;
- 4) ғимарат, имарат реттік нөмірінің көрсеткіші (1, 2, 3 санаттағы).

14. Павлодар облысы елді мекендерінің аумағында орналасқан ғимараттар, имараттар реттік нөмірлерінің көрсеткіштері, көшелер, шағын аудандар атауларының бұрыштық көрсеткіштері осы Ережемен белгіленген техникалық талаптарға және белгіленген тәртіпте бекітілген үлгілік нобайларға міндетті тәртіпте сәйкес болуы керек.

5. Реттік нөмірлер беруге қойылатын талаптар

15. Ғимараттың, корпустың, құрылымның, имараттың, жер учаскесінің реттік нөмірі - сандар тізбегінен тұратын әріпті (А, Б, В, Г және т.б.), әліпбидің қазақ тіліне тән әріптерін (Ә, І, Ғ, Қ, Ұ, Ө, Ү, Ұ, Һ) және қиын айтылатын әріпті (дыбысы жоқ) қосу мүмкіндігімен не сандарға ұқсас (Ң, Ж, Э, Й, Х, Ц, Ч, Ш, Щ, Ъ, Ы, Ь), не қосымша бүтін сандардың бөлшек белгісі арқылы тұратын объекті мекенжайының деректемесі болып табылады.

16. Егер бір жер учаскесінде салынған біртұтас сәулет ансамблін құрайтын

немесе бір сәулет-қала құрылысы кешенінің бөлігі болып табылатын екі және одан да көп ғимарат, корпус, құрылыс, имарат салынған (бар болған) жағдайда ғимараттың, корпусының, құрылыстың, имараттың, жер учаскесінің реттік нөміріне әріптер қосылады.

17. Егер ғимарат, корпус, құрылыс, имарат, квартал ішінде орналасқан және ғимарат, корпус, құрылыс, имарат бір де бір қасбеті магистральға шықпаған жағдайда бөлшек арқылы қосымша бүтін сандар ғимараттың, корпусының, құрылыстың, имараттың реттік нөміріне қосылады. Сонымен бірге негізгі реттік нөмір ретінде ғимарат, корпус, құрылыс, имарат нөмірленуіне жататын аса жақын ғимарат, корпус, құрылыс, имарат реттік нөмірі қабылданады.

18. Ғимараттың, имараттың және басқа да жасанды құрылыстардың мекенжайында мынадай міндетті деректемелер болуы тиіс: көше атауы, ғимараттың, корпусының немесе құрылыстың, имараттың реттік нөмірі.

19. Жер учаскелеріне мынадай міндетті деректемелері бар шартты мекенжай беріледі: көше немесе шағын аудан атауы, жер учаскесінің реттік нөмірі.

20. Объекті мекенжайының құрылымы объекті түрімен және оның жергілікті жердегі географиялық қалпымен анықталады: ғимарат, имарат, жер учаскесі.

21. Реттік нөмірі анықталатын Павлодар облысындағы аудан атауы, объекті орналасқан жері объекті мекенжайына қосылуы мүмкін.

22. Аудандар атаулары Павлодар облысы аудандарының бекітілген атауларына сәйкес көрсетіледі.

23. Тиісті шағын ауданның, өндірістік аймақтың, табиғат қорғау кешенінің белгіленген шекараларында объекті орналасқан жағдайда реттік нөмірі анықталатын шағын ауданның, өндірістік аймақтың, табиғат қорғау кешенінің (тарихи және сәулет ескерткіштер ансамблінің), объекті мекенжайына қосыла алады.

24. Нөмірленетін объектіге қатысты даңғыл, көше (қалтарыс, алау) атауы қалтарыстар, жолдар және алаңдар атауларын анықтаумен нөмірленетін объектінің және көше-жол желісі элементтерін орынды көрсетуіне сәйкес, көше атауларының ресми тізбесіне және даңғылдардың, көшелердің, қалтарыстардың, алаңдардың ресми мекенжай нобайына сәйкес қабылданады.

25. Павлодар облысы елді мекендерінің көшелері атауларының ресми тізбесі және Павлодар облысы елді мекендерінің даңғылдары, көшелері, қалтарыстары, алаңдары және басқа да құрылымдық элементтері ресми мекенжайының сызбасы электрондық түрде жасалады және мемлекеттік қала құрылысы кадастры базасында қалалық ақпараттық жүйе (бұдан әрі - ҚАЖ) негізінде материалдарды қолданумен, сондай-ақ аумақтағы қала құрылысы объектілерін және элементтеріне атаулар беру, қайта атау туралы мұрағаттық, ҚАЖ жүргізу бойынша қызмет атқаратын мемлекеттік мекемелермен немесе кәсіпорындармен

жүргізіледі.

26. Жер учаскесінің, ғимараттың, корпустың, құрылыстың, ғимараттың реттік нөмірі жобалауға берілген жер учаскесі бойынша рұқсат құжаттамасын әзірлеу кезеңінде немесе сәулет органының қалалық ақпараттық жүйе мәліметтерімен объектінің реттік нөмірін алдын ала келісу бойынша құрылыс белгіленеді.

27. Жер учаскесінің, ғимараттың, корпустың, құрылыстың, ғимараттың реттік нөмірін сәулет және қала құрылысы органы жеке объектілерді бұзу салдарынан Павлодар облысы елді мекенінің бір бөлігінде объектілердің нөмірленуі оннан аса бірлікке үзілсе (жоғалса) өзгерте алады.

28. Оңтүстіктен солтүстікке қарай үзіліссіз құрылыс жүргізу майданын құрайтын және магистральдарда орналасқан ғимараттар (үйлер) реттік нөмірін және нөмірленуін беру оңтүстіктен солтүстікке қарай тақ нөмірлермен көшенің сол жағы бойынша және оң жақ бойынша жұп нөмірлермен жүргізіледі.

29. Батыстан шығысқа қарай үзіліссіз құрылыс жүргізу майданын құрайтын және магистральдарда орналасқан ғимараттар (үйлер) реттік нөмірін және нөмірленуін беру батыстан шығысқа қарай тақ нөмірлермен көшенің сол жағы бойынша және оң жақ бойынша жұп нөмірлермен жүргізіледі.

30. Әр түрлі санаттағы көшелер қиылысында орналасқан ғимараттарға реттік нөмірлер магистральды көшелер жіктелісіне сәйкес аса жоғары санаттағы көше бойымен беріледі.

31. Тең санаттағы көшелер қиылысында орналасқан ғимараттарға реттік нөмір ғимараттың бас қасбеті шығып тұрған көше бойымен беріледі. Егер бұрышқа бір ғимараттың екі тең қасбеті шықса, реттік нөмір елді мекен орталығы бағытымен жүретін көше бойымен беріледі. Егер ғимараттың бас қасбеті аула ішінде орналасқан болса, нөмір ғимарат жатқан көше бойымен тағайындалады.

32. Аудан периметрін құрайтын ғимараттарға реттік нөмір беру сағат тілі бойымен, орталық жақтан бас магистральдан бастап жүргізіледі. Егер бұрыштағы ғимаратта көше бойымен бас қасбет және тұйық көше бойымен маұызды ұзақтығы бар болған жағдайда, оның нумерациясы аудан бойымен емес, көше бойымен жүргізіледі.

33. Осы Ереженің 28, 29-тармақтарын орындау Павлодар облысы елді мекенінің аумағындағы жаңа құрылыс жүргізуді құру мүмкін емес болған жағдайда, осы аумақтағы ғимараттарға (үйлерге) реттік нөмірлер және нумерация беру теріс тәртіпте, яғни солтүстіктен оңтүстікке немесе шығыстан батысқа қарай, тақ нөмірлермен көшенің оң жағы бойынша және сол жақ бойынша жұп нөмірлермен жіберіледі.

34. Жер учаскесі аумағында осы аумақта орналасқан соған қатысты ғимарат, имарат нумерациясын жүзеге асыратын негізгі ғимарат анықталады. Негізгі

ғимараттың реттік нөмірі көшелердің белгіленген жіктелісін есепке алумен анықталады.

35. Ережеге сәйкес жер учаскесі аумағында орналасқан басқа да ғимараттарға , имараттарға негізгі ғимараттың нөмірі және корпустың немесе құрылыстың қосымша нөмірі беріледі. Қажет болғанда "корпус" немесе "құрылыс" көрсеткіші олар орналасқан жер учаскесі аумағын функционалдық қолдануын және жақын жатқан ғимараттардың бар нумерациясын есепке алумен ғимараттың функционалдық қызметіне байланысты анықталады.

36. Ғимарат нумерациясы бас ғимараттың орналасуын есепке алумен жер учаскесі аумағына бас кіре берістен жүргізіледі.

37. Меншік, жалға алу немесе нәрсе құқығындағы жеке немесе заңды тұлғаға тиісті жер учаскесінде бір немесе бірнеше жылжымайтын мүлік объектілері салынғанда, әрбір объектіге корпус немесе құрылыстың қосымша нөмірі қосылып, сол бір реттік нөмір беріледі.

38. Тізбектелген нөмірлері мен нөмірленген ғимараттар, құрылыстар арасында орналасқан ғимарат нумерациясын (объектілерді орналастыру) осы Ережеге сәйкес оған әріпті немесе бөлшекті қосумен сәйкес объектінің кіші нөмірін қолданумен жүргізу керек.

39. Дербес объектілердің (ғимараттардың, имараттардың) белгілері бар кірістірілген және жалғай-кірістірілген объектілерге негізгі ғимарат нөміріне қосымша бүтін санның бөлшек белгісі арқылы дербес реттік нөмір беріледі.

40. Дуалдардан, көпірлерден, қазылған орлардан, құдықтардан, қоймалардан, аулалардан, жаяужолдардан және осы тәріздес объектілерден басқа имараттарға олар орналасқан ғимарат, имарат немесе жер учаскесіне (негізгі ғимарат болмаған жағдайда) "ИМАР" көрсеткішін және имарат нөмірін қосумен реттік нөмір беріледі.

41. Игерілген, бірақ нөмірленбеген жер учаскелеріне осы жер учаскесі шегінде салынған ғимарат, имарат нөмірі беріледі.

42. Бір жер учаскесі аумағының шегінде бірнеше ғимараттар, имараттар, басқа да объектілер орналасқанда, жер учаскесіне негізгі ғимарат, имарат нөмірі беріледі.

Игерілмеген жер учаскелеріне осы Ережеге сәйкес қарапайым реттік нөмір беріледі, ондайда мынадай шартты ұстану қажет: әрбір жер учаскесінде өзінің бірегей реттік нөмірі болады және жер учаскелеріне реттік нөмірлер жер учаскелерінің сол немесе басқа қала құрылысы бірлігіне (көшеге, даңғылға, алаңға және басқа объектіге) қатынас (жатқызылу) белгісі негізінде беріледі.

43. Нөмірленген игерілмеген жер учаскесі аумағында жаңа ғимарат, имарат салынғанда, салынатын объектіге нөмірленудің жалпы тәртібін ұстанған кезде немесе осы Ереженің талаптарын ұстанумен жеке реттік нөмірі берілгенде,

салынатын объектіге осы жер учаскесінің шартты реттік нөмірі берілуі мүмкін.

44. Жаңадан салынатын ғимараттардың, имараттардың реттік нумерациясы және бар объектілердің реттік нөмірлеріне өзгерістер енгізу сәулет және қала құрылысы органымен жобаның егжей-тегжейлі жобалауы және қалалық ақпараттық жүйесі негізінде жүргізіледі.

45. Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін алумен байланысты жүргізілетін қарқынды бұзу аумағында жобаланатын ғимараттар, имараттар үшін реттік нөмірлерді резервтеуді жүргізуге болады.

6. Мекенжай құрылымының стандарты

46. Мекенжай құрылымының стандарты мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс:

мекенжай деректемелері дедуктивті тәсілмен (жалпыдан жалқыға) жазудың қатаң анықталған тізбегімен көрсетіледі;

объектінің мекенжайы "мекенжай" терминінен кейінгі бөлуші ":" (қос нүкте) кейін көрсетілген деректемелерден тұратын мәтін бөлігі;

объектілердің мекенжайы мемлекеттік тілде, орыс тілінде және басқа тілдерде жазылады;

объектілердің мекенжайын жазуда қала құрылысы элементінің санатын қысқартуға болады:

аудан - (ауд.);

шағын аудан - (ш.а.);

алаң - (ал.);

шоссе - (шос.);

расса - (тр.);

даңғыл - (даңғ.);

көше - (көш.);

желекжол - (желек.);

аллея - (алл.);

қалтарыс - (қалт.);

өту - (өт.);

тұйық - (тұй.);

объектінің мекенжайын жазуда Павлодар облысы елді мекені құрамдас бөлігінің және әкімшілік бірлік атауын көрсетумен, сондай-ақ қала (қ.), аудан (ауд.) қысқартуларын қолданумен мекенжайды толық жазуға болады;

мекенжайды жазуда бекітілген қала құрылысы элементінің (шағын ауданның, алаңның, көшенің және т.б.) атауы толығымен жазылуы керек.

47. Бір объектіге қаланың және ауданның бірнеше бөліктеріне қатысты бірнеше мекенжайлар беруге болмайды.

7. Ғимараттар және имараттар реттік нөмірлерінің көрсеткіштерін, көшелер

мен шағын аудандар атауларының көрсеткіштерін, көшелер атауларының бұрыштық көрсеткіштерін орнатуға қойылатын талаптар

48. Ғимараттар, имараттар реттік нөмірлерінің, көшелер атауларының және шағын аудандар атауларының көрсеткіштері үйлердің қасбеттерінде мынадай тәртіпте орнатылады:

1) жаңа салынған ғимаратты пайдалануға тапсырғанда:

тапсырысшы қалалық ақпараттық жүйесінің мәліметтері негізінде ғимаратқа (имаратқа) реттік нөмір берілетін және мекенжай тағайындауға жататын, географиялық байланысты объектінің (ғимараттың, имараттың), даңғылдың, желекжолдың, көшенің дұрыс атауын белгілейтін сәулет органына өтініш жасайды;

сәулет және қала құрылысы органынан алатын мәліметтері негізінде тапсырысшы меншік қаражаты есебінен алдын ала келісу бойынша шағын аудан және (немесе) көше атауы құрсеткіші ғимарат реттік нөмірі құрсеткіші нобайының жобалау құжаттамасы құрамында сәулет және қала құрылысы органымен осы Ереженің талаптарына сәйкес ғимарат (имарат) реттік нөмірінің көрсеткішін, көше, шағын аудан атауының көрсеткішін дайындауды және орнатуды жүргізеді;

2) ғимараттар мен имараттардың реттік нөмірлерін, көшелер, шағын аудандар атауларын өзгерткенде ғимараттар, имараттар реттік нөмірлерінің тиісті көрсеткіштерін, көше атауларының құрсеткіштерін, шағын аудандар атауларының көрсеткіштерін және басқа да көрсеткіштерді ауыстыру және орнату қалалық ақпараттық жүйе мәліметтері негізінде сәулет және қала құрылысы органымен жүргізіледі.

49. Ғимараттар, имараттар реттік нөмірлерінің, көшелер атауларының және шағын аудандар атауларының көрсеткіштерін орнату жергілікті бюджет қаражаты есебінен де, инвесторлар қаражаты есебінен де жүргізіле алады.

50. Тапсырыс берушілер салынып жатқан (салынатын) ғимараттар мен имараттардың қасбеттерінде ғимараттар, имараттар реттік нөмірлерінің көрсеткіштерін, көшелер атауларының көрсеткіштерін, шағын аудандар атауларының көрсеткіштерін орнатады.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облыстық әкімдігінің 2010.03.10 N 56/4 қаулысымен.

51. Қасбетінде көрсеткіштер орнатылған ғимаратты (имаратты) бұзғанда көрсеткіш құны ғимаратты бұзу жөніндегі шығындардың құрамына енеді және бұзуға жататын ғимараттың (имараттың) меншік иесіне (балансұстаушыға, пайдаланушыға және т.с.) оның бастамасымен белгіленген тәртіпте төленеді.

52. Бұзылған бірнеше ғимараттың орнында салынған ғимараттардың (имараттардың) қасбеттеріндегі көрсеткіштер осы Ереженің қағидаларына сәйкес сәулет және қала құрылысы органының келісімі бойынша орнатылады.

53. Көрсеткіштер жол белгілерімен, сыртқы жарнама құралдарымен бірге (тіректе, имаратта) және олармен қатар орналаспауы тиіс. Бағдаршам тіректеріне көрсеткіштерді орнатуға болады.

54. Көрсеткіштер тәулік мезгіліне қарамастан айырылуы қажет.

55. Көшелердің көрсеткіштері көшелер қиылысындағы (жолқиылысындағы) ғимараттар мен имараттарда орналасады.

56. Көшелердің көрсеткіштері ғимарат немесе имарат бұрышының қиылысына шығатын 25-30 сантиметр қашықтықта, жер бетінен 2,5 метрден 3,0 метр биіктікте, жолқиылысын жасайтын көшелерге шығатын ғимараттар мен имараттардың қасбеттерінде орналасады. Айрықша жағдайда екі жолқиылыс арасындағы қашықтық 500 метрден - екі тізбектелген көшелер атауларының көрсеткіштері арасындағы қашықтығы көрсетілген өлшемнен аспауы тиіс.

57. 1 санаттағы көшелер атауларының көрсеткіштері 1 санаттағы көшелер атаулары көрсеткіштерінің үлгілік нобайына сәйкес қозғалысы жылдам және реттелетін магистральды жолдарға, жалпықалалық маңызы бар магистральды көшелерге шығатын барлық ғимараттар мен имараттар қасбеттерінде орнатылады.

58. 2 санаттағы көшелер атауларының көрсеткіштері 2 санаттағы көшелер атаулары көрсеткіштерінің үлгілік нобайына сәйкес аудандық маңызы бар магистральды көшелерге, жергілікті маңызы бар көшелер мен жолдарға шығатын барлық эимараттар мен имараттар қасбеттерінде орнатылады.

59. 3 санаттағы көшелер атауларының көрсеткіштері 3 санаттағы көшелер атаулары көрсеткіштерінің үлгілік нобайына сәйкес жеке тұрғын үй құрылысын жүргізу объектісіне жатқызылатын барлық ғимараттар мен имараттар қасбеттерінде орнатылады.

60. Шағын аудандар атауларының көрсеткіштері шағын аудандарға жатқызылатын және шағын аудандарды шектейтін көшелер қиылысында (жолқиылыста) немесе шағын аудандарды шектейтін көшелермен және шағын аудандар кіреберістерімен жасалған шартты қиылыстарда орналасқан ғимараттар мен имараттарда орналасады.

61. Екі қиылыстар арасындағы қашықтық 500 метрден асатын болса, екі шағын аудан атауларының көрсеткіштері арасындағы қашықтық көрсетілген

өлшемнен аспауы тиіс.

62. Шағын аудандар атауларының көрсеткіштері ғимарат немесе имарат бұрышының қиылысқа шығатын бұрыштан 25-30 сантиметр қашықтықта, жер бетінен 2,5 метрден 3,0 метр биіктіктегі ғимараттар мен имараттар қасбеттерінде орналасады.

63. 1 санаттағы шағын аудандар атауларының көрсеткіштері 1 санаттағы шағын аудандар атаулары көрсеткіштерінің үлгілік нобайына сәйкес шағын аудандарды шектейтін қозғалысы жылдам және реттелетін магистральды жолдарына, жалпықалалық маңызы бар магистральды көшелерге шығатын ғимараттар мен имараттар қасбеттерінде орнатылады.

64. 2 санаттағы шағын аудандар атауларының көрсеткіштері 2 санаттағы шағын аудандар атаулары көрсеткіштерінің үлгілік нобайына сәйкес шағын аудандарды шектейтін аудандық маңызы бар магистральды көшелерге және жергілікті маңызы бар көшелер мен жолдарға шығатын ғимараттар мен имараттар қасбеттерінде орнатылады.

65. Ғимарат немесе имарат қасбеттерінде шағын аудандар атауларының көрсеткішін орнатқан жағдайда көше атауының көрсеткіші орнатылмайды.

66. Ғимарат, имарат реттік нөмірінің көрсеткіші сол жақ тақ жағында, ал әрбір ғимарат немесе имарат қасбетінің оң жақ жұп жағында, үй бұрышының 25-30 сантиметр қашықтықта, жер бетінен 2,5 метрден 3,0 метр биіктікте орналасады.

67. Ғимарат, имарат қасбетінде көше немесе шағын аудан атауының көрсеткіші орналасқан жағдайда, ғимарат, имарат реттік нөмірінің көрсеткіші көше немесе шағын аудан атауының көрсеткішінен кейін көлденең білік бойынша орналасады.

68. 1 санаттағы ғимарат, имарат реттік нөмірінің көрсеткіштері 1 санаттағы ғимарат, имарат реттік нөмірінің көрсеткіші үлгілік нобайына сәйкес қозғалысы жылдам және реттелетін магистральды жолдарға, жалпықалалық маңызы бар магистральды көшелерге шығатын ғимараттар мен имараттар қасбеттерінде орнатылады.

69. 2 санаттағы ғимарат, имарат реттік нөмірінің көрсеткіштері 2 санаттағы ғимарат, имарат реттік нөмірінің көрсеткіші үлгілік нобайына сәйкес аудандық маңызы бар магистральды көшелерге, жергілікті маңызы бар көшелер мен жолдарға шығатын ғимараттар мен имараттар қасбеттерінде орнатылады.

70. 3 санаттағы ғимарат, имарат реттік нөмірінің көрсеткіштері 3 санаттағы ғимарат, имарат реттік нөмірінің көрсеткіші үлгілік нобайына сәйкес жеке тұрғын үй құрылысын жүргізу объектісіне жатқызылатын ғимараттар мен имараттар қасбеттерінде орнатылады.

Шағын аудандар мен көшелер ішіндегі 3 санаттағы ғимарат немесе имарат

реттік нөмірінің көрсеткіштері 3 санаттағы ғимарат немесе имарат реттік нөмірінің көрсеткіші үлгілік нобайына сәйкес квартал ішінен өтуге шығатын, үйдің бұрышынан 25-30 сантиметр қашықтықта, жер бетінен 2,5 метрден 3,0 метрден аспайтын биіктікте ғимараттар мен имараттар қасбеттерінде сол жағынан орнатылады.

71. Көшелер қиылыстарында (жолқиылыстарда) орнатылатын көшелер атауларының бұрыш көрсеткіштері (аншлагтар) көшелер қиылысына (жолқиылыстарда) қойылады және 4 метрден аспайтын биіктікте металл тіреулерде орнатылады.

8. Павлодар облысы елді мекендерінің құрамдас бөліктері атауларының көрсеткіштерін және реттік нөмірлерді инвесторлар есебінен дайындау және орнату

72. Инвесторлар Павлодар облысы көрсеткіштері атауларын, объектілердің реттік нөмірлерін ұйымның және (немесе) өнімнің имидждік жарнамасына жасалатын көрсеткіштерде орналастырумен меншікті және тартылған қаражатты пайдаланып, жасайды және орнатады. Имидждік жарнама дегеніміз қандай да бір және (немесе) өнімнің, деректемелерді, байланыс телефондарын немесе басқа да ұйым немесе өнім туралы ақпаратты көрсетпейтін, атауының және (немесе) логотипінің бейнесі, тауар белгісі.

73. Үлгілік нобайлар сәулет органымен бекітіледі, сонымен бірге орналасатын имидждік жарнама өлшемі көрсеткіштің барлық өлшемінен елу пайыздан аспауы керек.

74. Меншік құқығында жеке немесе заңды тұлғаға тиісті, имидждік жарнама ұстайтын көрсеткіштерді жылжымалы мүлік объектілеріне орнату оның рұқсаты бойынша жүргізілуі мүмкін.

9. Қосымша талаптар

75. Жер учаскелеріне, ғимараттар мен имараттарға берілген реттік нөмірлер жөніндегі мәліметтер қалалық ақпараттық жүйенің ақпараттық базасында міндетті түрде тіркелуі тиіс.

76. Реттік нөмірлер уақытша жеке тұлғалар меншігіндегі және (немесе) гараж кооперативтері, қоғамдар, қаланың инженерлік инфрақұрылым объектілері, бақ және бақша учаскелерінің құрамына кіретін қолданыстағы объектілерге, шаруашылық құрылыстарға, гараждарға реттік нөмірлер берілмейді.

77. Уақытша пайдаланылатын объектілерде меншікті реттік нөмір жоқ, бірақ олардың тұрақты реттік нөмірі бар жанында орналасқан объектіге қатысты тұрған жері анықтамамен айқындалуы мүмкін.

78. Қалалардың өндірістік аймақтарында орналасқан объектілерді нөмірлеуді сәулет және қала құрылысы органы жүзеге асырады.

79. Гараж кооперативтері, қоғамдар, тиісті бау-бақша қоғамдарын құрайтын бақ және саяжай учаскелерінің орналасқан жерін анықтау осы кооперативтерді, қоғамдарды басқару органы шешімімен белгіленеді, сонымен бірге әрбір объектіге жеке нөмір беріледі. Тиісті басқару органдары болмаған жағдайда жеке нөмірлерді беруді сәулет және қала құрылысы органы жүзеге асырады.

80. Құжаттарды дайындауда ұйымдарға жер учаскелерінің, ғимараттар мен имараттардың реттік нөмірлерін қолмен жазуға тыйым салынған.

81. Ғимараттар мен имараттардың қасбеттерінде осы Ереженің талаптарын бұзып орнатылған көрсеткіштер ғимараттың (имараттың) меншік иесімен (балансұстаушымен) немесе көрсетілген ғимаратқа қызмет көрсететін тұлғамен бөлшектеуге жатады.

82. ғимараттар мен имараттардың меншік иелеріне (балансұстаушыларға) көшелер мен шағын аудандар атауларының көрсеткіштерін, ғимараттар мен имараттар реттік нөмірлерінің көрсеткіштерін дұрыс қалпынд ұстау±ұсынылады.

83. Көшелер мен шағын аудандар атауларының көрсеткіштері қолданыстан шыққанда, жоғалғанда, бұзылып, ескіргенде ғимараттар мен имараттардың меншік иелеріне (баланс±ұстаушыларға) реттік нөмірлерінің көрсеткіштерін ауыстыру±ұсынылады.

84. ғимараттар мен имараттардың меншік иелеріне (баланс±ұстаушыларға) көрсеткіштер орнатылған объектіге көрсеткіштерді орнатуды,±ұстауды және пайдалануды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар қызметкерлерінің кедергісіз қол жетімділігін қамтамасыз ету ұсынылады. <>

Ескерту: 82, 83, 84 тармақтар жаңа редакцияда - Павлодар облыстық әкімдігінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 296/9 қаулысымен.

85. Белгіленген тәртіпте жарияланған қала құрылысы элементтерін (көшелерді, шағын аудандарды және басқаларын) қайта атау туралы мәслихат пен әкімдіктің бірлескен шешімдері, сондай-ақ объектілердің кезекті нөмірлерін өзгерту туралы сәулет органының шешімдері оларға тиісті мүлікке меншік (шаруашылық ұстаудағы, жедел басқарудағы) құқығын куәландыратын және белгіленген тәртіпте басқа да құжаттарға жеке және заңды тұлғалармен өзгерістер енгізуді ынталандыру үшін негіз болып табылады.

86. Құжаттарға көрсетілген өзгерістерді енгізу жеке немесе заңды тұлғалар бастамасы бойынша немесе мүлікке қатысты қандай да бір мәміле тіркеу кезінде тіркеуші органда жүзеге асырылады.

87. Ережемен қамтылмаған қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК